

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 ж. 23 қарашада жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
А.Ғиниятқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ажар Ғиниятқызы!

Президент Жолдауында бизнесті қолдау, мемлекеттің экономикаға шамадан тыс қатысуынан бас тарту, бәсекелестікті дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады.

ҚР Үкіметінің 28.12.2021 ж. №944 өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасына сәйкес оқыту жасына қарамастан барлық халыққа әсер етеді және ресми, бейресми және информальды (өзін-өзі тәрбиелеу) білім беруді қамтиды.

2020 жылдан бастап қосымша медициналық білімді тек жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары колледждер жүзеге асырады.

Осы норманы енгізу нәтижесінде:

- білім беру қызметтері нарығынан қосымша білім ұсынатын аккредиттелген басқа мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының 50%-ы жабылды.
- жұмыс орындарының қысқаруы орын алды;
- медициналық білім беру қызметтері нарығында бәсекелестік төмендеді;
- аталған оқу орындарының шамадан тыс жүктелуіне әкелді, өйткені олар негізгі білім - бакалавриат, магистратура, докторантура жүргізуде;
- тыңдаушалардың шектеулі таңдауына әкелді, шалғай өңірлерде тұратын медицина қызметкерлері көрсетілген орталықтары орналасқан шалғай қалаларға баруға мәжбүр болғандықтан, күндізгі бөлімде біліктілігін арттыру курстарынан өту үшін ұзақ іссапарларға барады. Мысалы, батыс өңірде бес облысқа тек Ақтөбеде бар.

221-баптың 6-тармағының 2-бөлігінде қосымша білім беру институционалдық аккредиттеуден өткен ұйымдарда жүзеге асырылатыны атап өтілді. Мемлекеттік емес білім беру ұйымдары да осындай аккредиттеуден өтті, бұл жұмыс қабілеттілігі мен сапасының елеулі көрсеткіші. Олар баға белгілеуде икемділікке, білім беру қызметтерін ұсынуда ұтқырлыққа және шетелдік оқытушыларды тарту мүмкіндігіне ие.

Бейінді қауымдастықтар бірнеше рет ҚР ДСМ Меморандум жасасуды және білім беру қызметтерін жосықсыз жеткізушілердің білім беру нарығына шығуына жол бермеу мақсатында өз қауымдастығының ішінде өзін-өзі реттеу жауапкершілігін өз мойнына алуды ұсынды.

Кейбір университеттерде кей мамандарға арналған тиісті базасы мен оқытушылары жоқ. Жеке қосымша білім беру ұйымдарымен мердігерлік шарттар жасасатын, жетілдіру курстарынан өткендігі туралы куәліктер беретін мысалдар бар, олар үшін шарт бойынша оқу ақысының бір бөлігін алады.

Мысалы, бүгінгі таңда 2022 жылғы Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижелері бойынша қосымша білім берудің барлығы бес ЖОО, үш айда алты мың сегіз жүз сексен адамды күндізгі оқу нысанында 20-30 адамнан туратын топтар арқылы оқытуда. Бұл мөлшерді күндізгі оқу түрінде біліммен қамтамасыз ету қиын. Нәтижесінде ЖОО-лар жеке аккредиттелген ұйымдарға қосалқы мердігерлік шеңберінде қосымша білім беруді өткізуді ұсынады.

Бұдан басқа, Кодекстің 221-бабы 6-тармағының 3-бөлігіне сәйкес: «қосымша білімді жоғары оқу орындары, ҒЗИ, ҰО және жоғары колледждер аккредиттелген клиникалық базалар, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалары, университеттік ауруханалар базасында жүзеге асырады», ал бүгінде уәкілетті орган бекіткен өлшемшарттардың болмауына байланысты клиникалық базаларды аккредиттеу, ҚР-да аккредиттелген клиникалық базалар, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалары, университеттік ауруханалар жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жеке институционалдық аккредиттелген білім беру ұйымдарына қосымша білім жүзеге асыруға рұқсат беру мәселесін қарастыруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Г. Нұрымова
Ж. Сүлейменова
З. Камасова
Ж. Телпекбаева
А.Нұркина
В.Ким
Н. Раззақ
М. Төлепберген
Ф. Қаратаев
Б.Сартбаев
Л.Павловец
І. Бұларов**

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі

*Орынд.Л.Дәулетова
74-63-81*